Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің және аудиторлық есептердің, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары тізімдерінің, сондай-ақ жылдың қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпараттың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және олар туындаған кезден бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау арқылы назарына жеткізеді.

## 1-тарау. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

### 1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің атауы:

1) эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні:

- мемлекеттік қайта тіркеу күні: 2010 жылғы 21 қаңтар;
- мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің нөмірі: сериясы В №0472701;
- шаруашылық жүргізуші субъектінің нөмірі: №37167–1910–АО;
- мемлекеттік қайта тіркеуді жүзеге асырған органның атауы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы қ. Әділет департаменті.
- Эмитенттің бірінші тіркелген күні: 2000 жылғы 29 желтоқсан.

2) эмитенттің толық және қысқаша атауы (егер эмитенттің жарғысында оның шет тіліндегі толық және қысқаша атауы көзделсе, онда осындай атауы қосымша көрсетіледі):

	Толық атауы	Қысқаша атауы
Мемлекеттік тілде:	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ
Орыс тілінде:	Акционерное общество «Ипотечная организация «Казакстанская Ипотечная Компания»	АО «ИО «Казакстанская Ипотечная Компания»
Ағылшын тілінде:	Joint-Stock company «Mortgage organization «Kazakhstan Mortgage Company»	JSC «МО «Kazakhstan Mortgage Company»

3) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқаша атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күндері көрсетіледі:

	Толық атауы	Қысқаша атауы	Өгертілген күні
Мемлекеттік тілде:	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» жабық акционерлік қоғамы	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ЖАҚ	2004ж. 13 сәуір
Орыс тілінде:	Закрытое акционерное общество «Казакстанская Ипотечная Компания»	ЗАО «Казакстанская Ипотечная Компания»	
Ағылшын тілінде:	Closed Joint-Stock Company “Kazakhstan Mortgage Company”	CJSC «Kazakhstan Mortgage Company»	
Мемлекеттік тілде:	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» акционерлік қоғамы	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ	2010ж. 21 қаңтар
Орыс тілінде:	Акционерное общество «Казакстанская Ипотечная Компания»	АО «Казакстанская Ипотечная Компания»	
Ағылшын тілінде:	Joint-Stock Company “Kazakhstan Mortgage Company”	JSC «Kazakhstan Mortgage Company»	

4) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқық мираскорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі:

Эмитент оған еншілес ұйым - «ҚазИпотека» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы мен еншілес ұйым «Бірыңғай төлем жүйесі» акционерлік қоғамын қосу арқылы «ҚазИпотека» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы мен «Бірыңғай төлем жүйесі» акционерлік қоғамының барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты тараптар дау тудырған міндеттемелерді қоса алғандағы, олардың барлық құқықтары мен міндеттеріне құқық иеленуші болып қайта құрылды.

5) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, заңды тұлға филиалдарының (өкілдіктерінің) есепті тіркелуі туралы анықтамаға сәйкес олардың атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің почта мекенжайлары көрсетіледі:

Эмитенттің Астана қаласында өкілдігі бар:

Атауы	Куәлігі мен тіркелген күні	Орналасқан жері	Пошталық мекенжайы
«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Астана қаласындағы өкілдігі	13.04.2010ж. № 3017-1901-П-о	Қазақстан Республикасы, Астана қаласы	Қазақстан Республикасы, Z05T2H3, Астана қ., «Есіл» ауд., Мәңгілік ел даңғ., 55 а ғимарат

Эмитенттің филиалдары жоқ.

Шымкент қ., Ақтөбе қ., г. Қарағанды қ., Қостанай қ., Көкшетау қ., Павлодар қ., Семей қ., Тараз қ., Өскемен қ., Орал, Қызылорда қ., Ақтау қ., Атыра қ., Петропавл қ., Эмитенттің өңірлік өкілдері – мамандар жұмыс істейді.

**2. Егер эмитенттің нақты мекенжайы Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің тізіліміне енгізілген мекенжайдан ерекшеленген жағдайда, эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірін, байланыс телефондарының, факстың нөмірлерін және электрондық почта мекенжайын, сондай-ақ нақты мекенжайын көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің орналасқан жері:**

Орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, А05Е3В4, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 98-үй
Байланыс телефондарының нөмірі мен факс	телефон: +7 (727) 344-12-22 факс: +7 (727) 344-13-00
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	001 240 001 720
Электронды поштасының мекенжайы	kmc@mail.online.kz
Web-сайт	http://www.kmc.kz

**3. Егер эмитент қаржы агенттігі болса, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес қаржы агенттігі ретінде белгілі бір экономика салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті болатын құжат туралы мәліметтер көрсетіледі.**

Эмитент қаржы агенттігі болып табылмайды.

**4. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері берген рейтингілерінің болуы туралы мәліметтер:**

Fitch Ratings-Мәскеу/Лондон 2017 ж. 21 қарашада Fitch Ratings эмитенттің «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ («ЭДР») дефолт рейтингін растады, атап айтқанда:

- шетел валютасындағы ұзақ мерзімді ЭДР «BBB-» деңгейінде, болжам – «Тұрақты»;
- ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді ЭДР «BBB-» деңгейінде, болжам – «Тұрақты»;
- шетел валютасындағы қысқа мерзімді ЭДР «F3» деңгейінде.

Сондай-ақ, рейтингтік агенттік Эмитенттің артықшылықты борышқорлық міндеттемелерінің айналымында жүрген ұзақ мерзімді рейтингті рейтингтік агенттік «BBB-» деңгейінде деп растады. Осы рейтингтік қызмет Эмитенттің төмендегі айналымда жүрген облигацияларына қолданылады:

Облигацияның коды (ішкі)	ISIN	Айналым басталған күн	Шығарылым көлемі, млн. теңге
KZIKb21	KZ2C00000180	23.12.2010	10 000
KZIKb23	KZ2C00001741	02.04.2012	15 000

KZIKb24	KZ2C00002178	26.07.2013	10 000
KZIKb25	KZ2C00002160	26.07.2013	10 000
KZIKb26	KZ2C00002152	26.07.2013	30 000
KZIKb27	KZ2C00003333	15.12.2017	30 000

**2-тарау. Эмитенттің ірі акционерлері немесе ірі қатысушылары, эмитенттің органдары, сондай-ақ эмитенттің үлестес тұлғалары**

**5. Олардың әрқайсысы туралы мынадай мәліметтерді көрсете отырып, эмитенттің ірі акционерлері (акционерлік қоғам болып табылатын эмитент үшін) немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 10 (он) немесе одан да көп пайызына ие эмитенттің қатысушылары (бұдан әрі - ірі қатысушы):**

Жеке тұлғалар Эмитенттің ірі акционерлері болып табылмайды.

Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаның орналасқан жері	Эмитенттің жарғы капиталындағы дауыс беретін акциялардың жалпы санына ірі акционерге тиесілі эмитенттің жарғы капиталындағы дауыс беретін акциялардың пайыздық қатынасы	Эмитенттің жарғы капиталындағы дауыс беретін акциялардың 10 (он) және одан да көп пайызына ірі акционердің ие болған күні
«Бәйтерек» «Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, Z05T2H3, Астана қ., «Есіл» ауд., Мәңгілік ел даңғ., 55 а ғимарат	100,00	2013 жылғы 24 қараша

**6. Эмитенттің органдары.**

1) эмитенттің директорлар кеңесі немесе бақылау кеңесі:

Эмитенттің Директорлар кеңесі мүшелерінің ТАӘ (тәуелсіз директорларды көрсетіп) және директорлар кеңесіне сайланған күні	Эмитенттің Директорлар кеңесі мүшелерінің соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі кездегі атқарған лауазымдық қызметтері, хронологиялық тәртіп бойынша, соның ішінде қоса атқаратын қызметі және олардың қызметті бастаған күні	Эмитенттің директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне тиесілі эмитенттің дауыс беретін акцияларының эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық қатынасы	Еншілес және тәуелді ұйымдардағы эмитенттің директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың осы ұйымның орналастырған акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы
<b>Эмитенттің Директорлар кеңесінің Төрағасы:</b>			
Тәжияқов Ғалымжан Бисенғалиұлы, 31.01.2018ж. сайланды	2012 жылғы 19 сәуірден бастап 2016 жылғы 01 қаңтар аралығында Еуразиялық даму банкі 1 жобалық банкінің 1 жобалық тобының директоры лауазымын атқарды. 2016 жылғы 02 қаңтардан бастап 2016 жылғы 18 сәуір аралығында Еуразиялық даму банкінің	-	-

	<p>басқарушы директоры лауазымын атқарды.</p> <p>2016 жылғы 04 шілдеден бастап 2018 жылғы 14 қаңтар аралығында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.</p> <p>2018 жылғы 15 қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.</p>		
<b>Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелері:</b>			
<p><b>Нурланов Нуржан Нурланович, 06.02.2018ж. сайланды</b></p>	<p>2014 жылғы 03 желтоқсаннан бастап 2015 жылғы 23 ақпан аралығында «ҚазТрансГаз» АҚ Газ маркетингі жөніндегі басқарушы директоры.</p> <p>2016 жылғы 28 наурыздан бастап 2018 жылғы 29 қаңтар аралығында «ҚазТрансГаз» АҚ Техникалық саясат жөніндегі Бас директордың орынбасары.</p> <p>2018 жылғы 29 қаңтардан бастап – қазіргі уақытқа дейін Басқарушы директор –«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі.</p>	-	-
<p><b>Мухамеджанов Адиль Бектасович, 08.09.2016ж. сайланды</b></p>	<p>2004 жылғы 15 наурыздан бастап 2016 жылғы 04 наурыз аралығында «Арал Петролеум Капитал» ЖШС (бұрынғы «Арал Петролеум Капитал» ЖАҚ БК) экономика және қаржы жөніндегі Вице-президенті.</p> <p>2016 жылғы 08 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасы.</p>	-	-
<p><b>Шаймарданов Жандос Нурланович, 26.05.2017ж. сайланды</b></p>	<p>2014 жылғы 14 қазаннан бастап 2016 жылғы 30 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің стратегиялық жоспарлау және талдау департаментінің директоры.</p> <p>2016 жылғы 03 қазаннан бастап 2017 жылғы 19 сәуір аралығында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Талдау және зерттеу департаментінің директоры.</p> <p>2017 жылғы 20 сәуірден бастап 2018 жылғы 17 мамыр аралығында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры.</p> <p>2018 жылғы 18 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Бәйтерек»</p>	-	-

	ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.		
<b>Эмитенттің Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директорлары:</b>			
<b>Яцек Бжезински, 08.09.2016ж. сайланды</b>	<p>2006 жылғы 03 ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін кеңес беру қызметтерін көрсету, өз бетінше жеке қызмет.</p> <p>2007 жылғы 17 сәуірден бастап 2015 жылғы 15 маусым аралығында Volksbank, Украина, Львов Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры.</p> <p>2008 жылғы 10 қыркүйектен бастап 2008 жылғы 12 наурыз аралығында «Қазақстан даму банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры.</p> <p>2012 жылғы 21 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін «Сбербанк Сербия» Директорлар кеңесінің мүшесі- Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры.</p> <p>2013 жылғы 01 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін «Цесна Капитал» Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор.</p> <p>2015 жылғы 09 сәуірден қбастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>2016 жылғы 22 ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «Цеснабанк» АҚ еншілес ұйымы» АҚ «Цесна Гарант» сақтандыру компаниясының Директорлар кеңесінің мүшесі - Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры.</p> <p>2016 жылғы 22 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін «Kazyna Capital Management» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі- Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры.</p> <p>2016 жылғы 22 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін «Цеснабанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры.</p>	-	-
<b>Оспанов Ерболат Серикович, 23.08.2017ж. сайланды</b>	<p>2014 жылғы 15 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін Borgata Mayer Inc. басшысы.</p> <p>2017 жылғы 23 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</p>	-	-

	- Тәуелсіз директор.		
<b>Токобаев Нурлан Турсунбекович, 23.08.2017ж. сайланды</b>	<p>2011 жылғы 09 ақпаннан бастап 2016 жылғы 15 наурыз аралығында «Advance Bank of Asia» (Cambodia) Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор.</p> <p>2013 жылғы 18 наурыздан бастап 2016 жылғы 19 қыркүйек аралығында «Визор Капитал» Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор.</p> <p>2017 жылғы 30 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «Оптим Банк» ААҚ (Қырғызстан) Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор.</p> <p>2017 жылғы 11 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор.</p>	-	-

2) эмитенттің алқалы немесе жеке-дара атқарушы органы:

<b>Эмитенттің алқалы атқарушы органы – Басқарма мүшелерінің ТАӘ</b>	<b>Эмитенттің алқалы атқарушы органы (Басқарма) мүшелерінің соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі кездегі атқаратын лауазымдық қызметтері, хронологиялық тәртіп бойынша (өкілеттілігі мен олардың қызметті бастаған күнін көрсетіп),, соның ішінде осы тұлғалардың қоса атқарып отырған қазіргі лауазымы</b>	<b>эмитенттің атқару органының алқа мүшелеріне тиесілі дауыс беру акцияларының эмитенттің дауыс беру акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы</b>
<b>Басқарма Төрағасы:</b>		
<b>Мухамеджанов Адиль Бектасович</b>	<p>2004 жылғы 15 наурыздан бастап 2016 жылғы 04 наурыз аралығында «Арал Петролеум Капитал» ЖШС (бұрынғы «Арал Петролеум Капитал» ЖАҚ БК) экономика және қаржы жөніндегі Вице-президенті.</p> <p>2016 жылғы 08 қыркүйектен осы уақыт аралығында «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасы.</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компания Жарғысында көзделген функцияларға сәйкес Компания қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.</p>	-
<b>Басқарма мүшелері:</b>		
<b>Кәкім Руслан Қажымұратұлы</b>	<p>2013 жылғы 18 шілдеден 2016 жылғы 05 ақпан аралығында Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарушы директоры.</p> <p>2016 жылғы 17 қарашадан бастап 2017 жылғы 20 қаңтар</p>	-

	<p>аралығында «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ» Басқарушы директоры.</p> <p>2017 жылғы 23 қаңтардан бастап осы уақыт аралығында Басқарма Төрағасының орынбасары – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма мүшесі. Сату басқармасы, Әкімшілік басқармасы, Субсидиялау басқармасы, Қазынашылық басқармасы және Компанияның аймақтық өкілдерінің қызметін үйлестіру.</p>	
<b>Дықанбаева Асель Маратовна</b>	<p>2016 жылғы 09 наурыздан бастап 2017 жылғы 10 ақпан аралығында «AB Legal» ЖШС қаржы директоры.</p> <p>2017 жылғы 13 ақпаннан бастап 2017 жылғы 24 мамыр аралығында «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры.</p> <p>2017 жылғы 25 мамырдан бастап осы уақыт аралығында Басқарма Төрағасының орынбасары – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма мүшесі.</p> <p>Басқарушы директор М.Б. Мендібаевтың қызметін, Корпоративтік даму және әдіснама басқармасы, Ақпараттық технологиялар басқармасы, Тәуекелдік менеджмент басқармасы, Астана қ. Компанияның өкілдігі, мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен Компания қызметінің мәселелері бойынша өзара әрекеттесуді үйлестіру.</p>	-
<b>Акчурин Айсултан Анварович</b>	<p>2015 жылғы 05 наурыздан бастап 2015 жылғы 20 қыркүйек аралығында «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры.</p> <p>2015 жылғы 21 қыркүйектен бастап 2016 жылғы 18 қараша аралығында «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.</p> <p>2016 жылғы 21 қарашадан бастап 2018 жылғы 01 наурыз аралығында «Бәйтерек девелопмент» АҚ Басқарушы директоры.</p> <p>2018 жылғы 02 наурыздан бастап осы уақыт аралығында Басқарма Төрағасының орынбасары - «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма мүшесі.</p> <p>Тұрғын үй құрылысы жобаларын қолдау басқармасы, Компанияның жылжымайтын мүлікпен жұмыс жүргізу басқармасының қызметін үйлестіру.</p>	-

**7. Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеген.**

**8. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:**

Эмитент Қазақстан Қаржыгерлер Ассоциациясы заңды тұлғалары қауымдастығының мүшесі болып табылады. Эмитент сондай-ақ Қазақстан салық төлеушілері Ассоциациясының мүшесі, Банктік Омбудсмен өкілдері кеңесінің мүшесі және «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүшесі болып табылады.

**9. Осы қосымшаның 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер**



туралы заңнамасына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары:

30.04.2018 ж. жағдай бойынша эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәлімет осы проспектінің 1-қосымшасында ұсынылған.

**10. Эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызына ие заңды тұлғасы болып табылатын, Эмитенттің үлестес тұлғасы жоқ.**

**11. Арнайы қаржы компаниясы облигациялар шығару кезінде үлестестікті тану үшін негіздемені және оның туындау күнін көрсете отырып, секьюритизлендіру мәмілесі тараптарының үлестестігі туралы ақпаратты жария етеді.**

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

### **3-тарау. Эмитент қызметінің түрлері**

#### **12. Эмитент қызметінің түрлері:**

1) қызметтің маусымдық сипаты бар түрлерін және олардың эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесін көрсете отырып, эмитенттің қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Эмитенттің негізгі қызметі - банктік қарыз операцияларын жүргізуге арналған уәкілетті органның лицензиясы негізінде ипотекалық қарыз беру болып табылады.

Эмитент келесі қосымша операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

- сенімгерлік операциялары: сенім білдірушінің мүддесіне орай және оның тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын басқаруды;

- факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемеу тәуекелін қабылдай отырып, төлемді талап ету құқығын алуды;

- форфейтингтік операциялар (форфетингтеу): тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемелерін сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы төлеуді;

- лизинг қызмет.

Эмитент келесі қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 2723 «Жылжымайтын мүлік ипотекасы» Заңының 5-2-бабының 6-тармағында көзделген шектеулерді ескеріп, инвестициялық қызметті;

- кез келген ақпарат тасымалдаушылар түрінде ипотекалық несиелендіру мәселелері бойынша арнайы әдебиеттерді сатуға;

- өз меншігіндегі мүлікті сатуға;

- кепілге салынған мүліктерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатуды;

- эмитенттің өз қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсетуді;

- бағалы қағаздарды, оның ішінде облигацияларды шығару мен орналастыруды;

- ипотекалық ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді іске асыруды;

- ипотекалық несиелендіру саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру мен жүргізуді жүзеге асыруға.

Эмитент маусымдық сипатта болатын қызметті жүзеге асырмайды.

2) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

01.04.2018 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректеріне сай ипотекалық несиелеу нарығында екі ипотекалық компания ұсынылған: Эмитент және «Экспресс-Финанс» Ипотекалық ұйымы» (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің банктік емес сектордың ағымдағы жай-күйі туралы келесі жариялау 11.06.2018 жылы жарияланатын болады).

01.01.2018 жылғы жағдай бойынша ипотекалық несиелеу нарығындағы ипотекалық ұйымдардың жиынтық үлесі 4,6% -ды құрайды. Ипотекалық компаниялардың ссудалық қоржынындағы «ҚИК» ИҰ» АҚ үлесі 95,3% -ды құрайды, бұл Эмитентті нарықтағы ең ірі ипотекалық компания етеді.

3) эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар:

Оң факторлар:

- халықтың тұрғын үй сатып алуы үшін қаржылық қолдау көрсету саласында да, сондай-ақ ең арзан тұрғын үй құрылысы саласында да мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы мемлекеттің тұрғын үй нарығын дамытуды белсенді қолдауы. Осының нәтижесінде тұрғын үй қорының жалпы көлемінің (2007-2016 ж.ж. + 31,5%) және тұрғын үй ғимараттарын пайдалануға берудің (2008-2017 ж.ж. + 63,1%) тұрақты өсу көрсеткіштері байқалды. Тұрғын үй құрылысының белсенді дамуы аясында халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіші біртіндеп артып келеді (2017 жылға қарай - 21,4 ш. м. ).

- 2007 жылдан бері берілген ипотекалық қарыздар бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі байқалады (2007 жылғы желтоқсанда 12,6% бастап 2017 жылғы желтоқсанда 8,6% дейін). Бұл ипотекалық қарыздары бар азаматтарды мемлекеттің кең ауқымды қолдауымен, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына жинақтау жүйесі арқылы жеңілдетілген несиелер берумен байланысты.

Теріс факторлар:

- ипотекалық несиелеу нарығында ЕДБ белсенділігінің төмен деңгейі.

Банктердің басым бөлігі ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқығын сатып алу бөлігінде Эмитенттің серіктестері болып табылады. 01.01.2018 жылға «Тұрғынүйқұрылысжинақтаубанкі» АҚ қоржынын ескермегенде, ЕДБ ипотекалық қоржыны 632,1 млрд. теңгені құрады, оның ЖІӨ үлесі 2016 жылғы 1,4% қарсы 1,2% ғана. Сонымен бірге, 2017 жылы ипотекалық несиелер беруде өткен жылмен салыстырғанда 83% - 357,0 млрд. теңгеге дейін өсу болды, бірақ бұл өсудегі қозғалыс «Тұрғынүйқұрылысжинақтаубанкі» АҚ несиелер берудегі өсуімен байланысты. Банктердің беруінің жалпы көлемінде «Тұрғынүйқұрылысжинақтаубанкі» АҚ үлесі 2016 жылы 76%, 2017 жылы 81% өсті.

- бастапқы жарнаны қамтамасыз ету үшін халықтың қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулілігі.

Соңғы үш жылда елдегі экономикалық ахуалдың жалпы нашарлауына және халықтың жалғасып келе жатқан девальвацияны күтуіне байланысты халықтың нақты жалақысының деңгейінің төмендеуі (2014 жылы 103,9% бастап 2017 жылы 97,9% дейін) байқалады. Бұл факт ЕДБ берген ипотекалық қарыздарының жалпы көлемінен «Тұрғынүйқұрылысжинақтаубанкі» АҚ үлесінің жыл сайынғы өсуімен (соңғы бес жыл ішінде өсу жылына 59% құрады) расталады.

- ұсынылған тұрғын үй нарығының сегменттері арасындағы үлкен айырмашылықтың болуы.

Құрылыс компаниялары негізгі қалаларда (Астана мен Алматы қалалары), ондағы халықты ипотекалық несиелендіру 49% дейін келеді (2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша), халықтың шектеулі қаржылай мүмкіндігін ескере отырып, «молшылықтағы тапшылық» әсерін тигізетін «жоғары сапалы» тұрғын үйге (қымбатырақ) көп көңіл бөледі. Баға ұсыныстарын талдау нәтижелері бойынша Алматы қ. 2018 жылдың ақпанында «жоғары сапалы» сегменттегі ұсыныс «эконом» сегментінде ұсыныстары іс жүзінде 4 есеге, Астана қ. 1,6 есе асып түседі. Тұрғын үй нарығындағы туындағын теңгерімсіздіктер халықтың тарапынан ипотекалық несиелендіруге деген сұранысқа теріс әсер етеді.

- ипотекалық қорландыру көзі болып табылатын банктік емес қаржылық нарықтың (зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, бағалы қағаздар нарығы) дамуының төмен деңгейі, ең алдымен, Қазақстан Республикасының капитал нарығында қорландыруды тартудың жоғары құнында көрсетіледі, бұл ипотеканы қарыз алушылар үшін де, кредиторлар үшін тиімсіз етеді.

- қарыз алушының дефолты жағдайында (өсімпұлдарды есептеу және ұстау тәртібі, кепіл затына өндіріп алуды жүргізу тәртібі) кредиторлар құқықтарының әлсіз қорғалуы және мәмілені жабудағы жоғары құн.

4) эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат:

2010 жылғы 12 сәуірде ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі ұлттық валютада банк операцияларын жүргізуге және белгісіз мерзімге қолдануға № 5.1.69 лицензияны берді. Бұл лицензия банктік қарыз операцияларын жүргізу: ақшалай нысанда төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарында несие беру құқығын береді.

5) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі:

Эмитентпен сатып алынған жұмыстар және қызметтердің жалпы көлемі Fitch Ratings халықаралық ұйымымен көрсетілетін қызметтерден басқа жағдайда Қазақстан Республикасының резидентімен орындалып, көрсетіледі.

6) оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:

30.04.2018 ж. жағдай бойынша Компания қызметін тоқтату немесе шектеуге алып келетін, Компанияға ақшалай және басқа міндеттемелер салынуға алып келетін сот процестері болмады.

7) эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.

Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа да тәуекел факторлары жоқ .

**13. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын көлемде эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер:**

Эмитент ұсынатын қызметтердің негізгі тұтынушысы - Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады. Мемлекеттік бағдарламалардың аясында 2018 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Эмитент кейіннен сатып алумен жалға берілетін тұрғын үйді 14 842 жеке тұлғаға (негізінен жергілікті атқарушы органдардың кезек күтіп отырған тізіміндегілерге) берді, сондай-ақ банктердің халыққа берген 2 628 ипотекалық қарызы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялады. Сонымен, Эмитент 17 470 қазақстандық отбасының тұрғын үй жағдайын жақсартуға үлес қосты.

#### 4-тарау. Эмитенттің қаржылық жай-күйі

**14. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.**

Активтердің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын эмитенттің активтері	Активтің баланстық құны (мың теңге)
Банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы шоттардағы ақша	31 824 709
Берілген қарыздар (күнсыздану резервін шегергенде)	47 625 683
Берілген қаржылық жалдау (күнсыздану резервін шегергенде)	124 974 996

**15. Эмитент активтерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:**

- 1) эмитенттің алдындағы берешегі эмитент активтерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын эмитент дебиторларының атауы;
- 2) тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Эмитенттің активтерінің баланстық құнының 5 (бес) немесе одан көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешек жоқ.

**16. Эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері:**

- 1) эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын активтердің тиісті құнын көрсете отырып, эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын эмитент активтерінің атауы;
- 2) бағалаушының атауы, әрбір осындай активті бағалау күні;
- 3) тиісті шарттардың қолданысы аяқталған күн.

Эмитенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын эмитенттің активтері жоқ.

**17. Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын, сенімгерлік басқаруға берілген эмитенттің активтері:**

- 1) сенімгерлік басқаруға берілген активтердің тиісті құнын көрсете отырып, сенімгерлік басқаруға берілген эмитент активтерінің атауы;
- 2) бағалаушының атауы, әрбір осындай активті бағалау күні;
- 3) тиісті шарттардың қолданысы аяқталған күн.

Эмитенттің сенімгерлік басқаруға берілген активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын эмитенттің активтері жоқ.

**18. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:**

- 1) эмитент кредиторларының атауы;
- 2) тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Эмитенттің міндеттемелерінің баланстық құнының 5 (бес) немесе одан көп пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі жоқ.

**19. Эмитент левереджінің шамасы.**

Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса - облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

Левередж шамасына қойылатын талаптарды сақтау бойынша норма банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылмайды.

**20. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы аяқталған қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны көрсетіледі.**

Операциялық қызмет:

Есепті жылы операциялық қызметтегі ақша қаражатын пайдалану (8 796 310) мың теңгені құрады. Есепті жылы операциялық активтердің 16,324,546 мың теңге сомасына ұлғаюы байқалады, ол негізінен:

- банктерде және басқа да қаржы институттарында 6 037 579 мың теңге сомасына қаражаттың көлемінің ұлғаюы;
- 5 827 827 мың теңге сомасында ипотекалық қарыздар бойынша сатып алған талап ету құқықтарының көлемін азаюы;
- жылжымайтын мүлік нысандарын сатып алу және салу үшін төленген аванстардың 632 760 мың теңгеге азаюы;
- 8 548 873 мың теңге сомасындағы қаржылық жалдау шарттары бойынша берілуі тиіс активтердің ұлғаюы;
- аяқталмаған құрылысқа 12,274,013 мың теңге сомасына қаражат көлемін ұлғаюы;
- қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің азаюы 3 716,008 мың теңгені құрады;
- өзге активтердің 359 324 мың теңге сомасына азаюы есебінен болды.

Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы 963 776 мың теңгені құрады.

Инвестициялық қызмет:

Есептік жылы инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының түсімі 25 938 мың теңге сомасын құрады және ол:

- 132 079 мың теңге сомасына негізгі құралдарды сатып алумен;
- 158 017 мың теңге сомасына инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатумен байланысты.

Қаржылық қызмет:

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының 8,102,222 мың теңге сомасына азаюы:

- 9 599 700 мың теңге сомасына шығарылған борышқорлық бағалы қағаздарды өтеумен;
- 14,374,280 мың теңге сомасына борышқорлық бағалы қағаздарды шығарудан түскен ақша қаражатының түсімімен;
- 10,000,000 мың теңге сомасына тәртіптелген облигацияларды өтеумен;
- 7 150 000 мың теңге сомасына басқа тартылған қаражаттарды өтеумен;
- 926 802 мың теңге сомасына дивидендтерді төлеумен;
- 5 200 000 мың теңге сомасында акциялар шығарылымынан түскен түсімдермен байланысты.

**5-тарау. Облигациялар шығару туралы мәліметтер**

**21. Облигациялар шығару туралы мәліметтер:**

1)	облигациялардың түрі	қамтамасыз етілмеген, индекстелмеген, атаулы купондық облигациялар
2)	бір облигацияның номиналдық құны	1 (бір) теңге
	егер бір облигацияның номиналдық құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналдық құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі	1 облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылмайды
3)	облигациялардың саны	3 200 000 000 (үш миллиард екі жүз миллион) дана
4)	облигациялар шығарылымның жалпы көлемі	3 200 000 000 (үш миллиард екі жүз миллион) теңге
5)	облигациялар бойынша сыйақы:	
	облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі	номиналдық құннан жылдық 2,99% (екі бүтін жүзден тоқсан тоғыз пайыз), бекітілген
	егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама	облигациялар бойынша сыйақылар мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылмайды

	болса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі	
	облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн	сыйақыларды есептеу облигациялар айналысқа түскен күннен бастап облигациялар өтеу басталған күнге дейін жүргізіледі
	сыйақыны төлеу кезенділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні	облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде айналысқа түсу басталған күннен бастап әрбір үш ай сайын жылына төрт рет
	облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі	облигациялар бойынша купондық сыйақының төлемі облигациялар ұстаушылар шотына төлем іске асырылғаннан кейінгі соңғы күнінен бастап келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде теңгемен аудару арқылы жүзеге асырылады. Төлемдер жасалатын мерзімнің соңғы күнінің басында бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде тіркелген тұлғалар сыйақы алуға құқылы. Соңғы купондық сыйақыны төлеу облигацияларды өтеуімен бір мезгілде жүзеге асырылады
	облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 уақытша базасы қолданылады (бір жылда үш жүз алпыс күн / бір айда отыз күн). Купондық сыйақы номиналды құн туындасы және үш айлық купондық сыйақы мөлшерлемесі ретінде есептеледі
6)	номиналды құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы	қазақстандық теңге
7)	облигацияларды орналастыру басталған күн және аяқталатын күн	облигацияларды орналастыру облигациялар айналысқа түсу басталған күннен бастап айналымының барлық мерзімі ішінде жүргізіледі
8)	облигациялар айналысының басталу күні	«Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда-саттық жүйесінде бірінші өткізілген аукционды жүргізілген күн. Облигациялардың айналысқа түсу күнінің басталуы туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ ( <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> ) интернет-ресурсында жарияланатын болады.
	облигациялардың айналыс мерзімі	облигациялардың айналысқа түсуі басталған күннен бастап 240 (екі жүз қырық) ай. Облигациялардың айналысқа түсуі басталған күннен бастап 120 (жүз жиырма) ай өткеннен кейін, облигациялар айналымы аяқталған жылға сәйкес (11-ден бастап 20-шы жылдар аралығындағы) келесі айдан кейінгі бірінші жұмыс күнгі жағдай бойынша орналастырылған облигациялардың номиналды құны сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде облигациялар айналымы аяқталған жылға сәйкес (11-ден бастап 20-шы жылдар аралығындағы) келесі айдың 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитент 11-ден бастап 20-шы жылдар аралығындағы облигациялар айналымындағы облигацияларды жыл сайын сатып алуға міндетті.
9)	облигациялар айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)	ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы
10)	орналастырылатын облигацияларға	облигациялар ақшалай қолма-қол ақшасыз нысанда

	ақы төлеу тәсілі	төленеді
11)	облигацияларды өтеу тәртібі:	
	облигацияларды өтеу күні	облигацияларды өтеу облигациялардың айналысқа түсуі басталған күннен бастап 240 (екі жүз қырық) ай өткеннен кейін жүргізіледі
	облигацияларды өтеу талаптары	облигацияларды өтеу облигацияларды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың шоттарына облигациялар айналымының соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақша аудару арқылы жүзеге асырылады
	облигацияларды өтеу тәсілі	облигацияларды өтеуді эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырады
12)	осы құқықты сату тәртібін, талаптары мен мерзімдерін көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда), егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, онда осы құқықты сату тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі	осы облигациялар шығарылымы бойынша эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы қарастырылмаған
13)	облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде): қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы; қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда - кепіл заты, оның құны және кепіл затын өндіріп алу тәртібі; облигацияларды қамтамасыз ету туралы шарттың талаптары; атауын, орналасқан жерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген екінші деңгейдегі банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)	осы шығарылымның облигациялары екінші деңгейдегі банктік кепілдігімен қамтамасыз етілген немесе жабылған болып саналмайды
14)	инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері	бұл облигация шығарылымы инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**22. Эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.**

Бұл облигация шығарылымы бойынша талап ету құқықтарын төлеу қарастырылмаған.

**23. Облигациялардың бұл шығарылымы айырбасталмайды.**

**24. Облигациялар ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:**

1) облигациялар ұстаушылар өкілінің толық және қысқаша атауы:

«Private Asset Management» / АО «Private Asset Management» акционерлік қоғамы.

2) облигациялар ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары:

- орналасқан жері: 050020, Алматы қ., Тайманов к-сі, 167 А.

- байланыс телефондары: +7 (727) 267-77-17, 380-41-62.

3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шартының күні мен нөмірі:

2018 жылғы 18 қаңтардағы № 49 ипотекалық облигацияларды ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарт.

**25. Төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

Бұл облигация шығарылымы бойынша төлем агенті қарастырылмаған.

**26. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңына сәйкес қор биржасының ресми тізіміне эмиссиялық бағалы қағаздарды қосу және орналастыру мәселелеріне кеңес беру қызметтерін көрсету бойынша шарт жасауда Эмитенттің міндеттері белгіленбеген.**

**27. Облигациямен оны ұстаушыға берілетін құқықтар, оның ішінде:**

- проспектімен қарастырылған мерзімде номиналды құн алу құқығы;
- проспектімен қарастырылған мерзімде сыйақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- облигацияларға иелік ету құқығы;
- облигациялардың меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар;
- Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын талап ету құқықтары.

**Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын талап ету құқықтары:**

**1-ші оқиға.** Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4-бабында көзделген жағдайларды Эмитент бұзған жағдайда, сондай-ақ осы Проспектінің 21 және 31-тармақтарымен эмитент бұзу күні басаталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде эмитенттің ресми сайтында ([www.kmc.kz](http://www.kmc.kz)), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) ресми сайтында және қаржылық есеп беру Депозитарийінің сайтында ([www.dfo.kg](http://www.dfo.kg)) облигацияларды сатып алу туралы ақпараттық хабарламаны беру арқылы талаптармен Эмитентке жүгінудің тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың назарына бұзудың туындау себептерін толық сипаттап, осы бұзуды жоюдың әдісі мен мерзімдері туралы облигацияларды ұстаушыларға ақпарат береді.

Облигацияларды ұстаушы Эмитентке хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оған тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы Эмитенттің мекенжайына жазбаша өтініш жіберуге құқылы. Облигацияларды сатып алу туралы бірінші өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитенттің уәкілетті органы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Эмитент облигацияларды сатып алуды облигацияларды сатып алудың мерзімдері мен тәртібі туралы Эмитенттің уәкілетті органының тиісті шешімі жарияланғаннан кейін күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде, бірақ бұзу басталған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде және (немесе) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4-бабында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.



Эмитент орналастырылған облигацияларды жинақталған сыйақыны ескере отырып немесе Облигациялардың әділ нарықтық бағасымен, неғұрлым үлкен болса, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағамен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Орналастырылған облигацияларды сатып алған жағдайда, Сатып алу рәсімі облигация ұстаушысының берген еркін нысанда жасалған барлық қажетті деректемелерін көрсететін:

- заңды тұлға үшін: облигация ұстаушының атауы, нөмірі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті берген орган және берген күні, заңды мекен-жайы мен нақты тұрған жері, телефондары, банктік деректемелері, іскерлік сәйкестендіру нөмірі, сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: облигация ұстаушысының тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжатты берген орган, күні, нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, телефоны, банктік деректемелері, сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі,

облигацияларды сатып алуға арналған жазбаша талап етуі негізінде ғана жүзеге асырылады.

Эмитент облигацияларды ұстаушылардан облигацияларды сатып алуды келіп түскен жазбаша талап етудің кезектілігі тәртібімен жүзеге асырады.

